

ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

4(4)2023



ӘОЖ 930. 85

Д.А. ҚОНАЕВ МУЗЕЙІНДЕ ЕЛІНІҢ ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРИХЫ БАР**Қ.К. Қожаханова**

Алматы қаласы Музейлер бірлестігі (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақала көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш рет Социалистік Еңбек Ері, Саяси Бюросының мүшесі, Қазақ КСР КП ОК бірінші хатшысы қызметін атқарған, техника ғылымдарының докторы, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың музейіне арналған.

Д.А. Қонаев басшылық еткен жылдары Қазақстанның көркеюі үшін еңбегімен ерекшеленіп, еліне жанашыр халқым деген ұстанымы берік тұлғаларымыздың бірі бола білді. Ол бүкіл ғұмырын халық арасында, егіндік алқаптарында, зауыт-фабрикалар мен салынып жатқан құрылыстарды аралап жүріп елінің гүлденуіне арнаған біртуар азамат.

Музейіміз Д.А. Қонаевтың өмір сүрген жылдарында орын алған тарихи оқиғалардан бір ғасырға жуық еліміздің келелі оқиғаларын болашақ ұрпақтардың танып білуіне арналған киелі орын. Болашақ ұрпақ музейге келе отырып Д.А. Қонаевтың сүйікті ісі – арнайы жинаған бес мың кітабы, әр ел басшылары сыйлаған 84 қару жарақтар және 400-ден астам түрлі мемлекеттерден әкелінген оттықтарын т.б. кәдесыйларын көру барысында осы жылдардағы еліміздің басқа елдермен қарым-қатынастары, ел болып атқарған ауылшаруашылық, халықшаруашылықты дамыту, 43 қала мен 2000-елдімекеннің пайда болу сияқты көптеген тарихи оқиғаларды біледі.

Тірек сөздер: Қоғам қайраткері, музей, экспозиция, жәдігер, келуші.

Сілтеме жасау үшін: Қ.К. Қожаханова. Д.А. Қонаев музейінде елінің тағылымды тарихы бар//MUSEUM.KZ. 2023. №4 (4). 105-109 бб. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.15

МУЗЕЙ Д.А. КУНАЕВА – МУЗЕЙ ИСТОРИИ СТРАНЫ**Қ.К. Қожаханова**

Объединение музеев города Алматы (Казахстан)

Аннотация. Статья посвящена музею видного государственного и общественного деятеля, трижды Героя Социалистического труда, члена Политбюро, Первого секретаря ЦК КП Казахской ССР, доктора технических наук, академика Динмухамеда Ахметовича Кунаева.

В годы своего руководства Казахстаном Д.А. Кунаев отличился особой работой во благо развития своей страны и остался в истории как личность заботящийся о своем народе. Он был близок к народу, постоянно находился среди простых людей на сельскохозяйственных полях, на промышленных объектах, на стройках и др.

Музей Д.А. Кунаева – особое место, где посетители смогут узнать о событиях, произошедших в годы его руководства, узнать историю страны с хронологическим охватом в полвека. Подрастающее поколение, посещая музей, знакомится с увлечениями Д.А. Кунаева. О них говорят богатая библиотека из более чем пяти тысяч книг, 84 наименований оружия, подаренных главами государств, коллекция из более чем 400 зажигалок и сувениры, привезенные из разных стран. Посетители музея узнают об взаимоотношениях Казахстана с зарубежными странами в эти годы, о развитии народного хозяйства, о создании в стране новых 43 городов и 2000 населенных пунктов.

Ключевые слова: общественный деятель, музей, экспозиция, экспонат, посетитель.

Для цитирования: Қ.К. Қожаханова. Музей Д.А. Кунаева – музей истории страны//MUSEUM.KZ. 2023. №4 (4). С. 105-109. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.15

THE D.A. KUNAEV MUSEUM HAS AN INSTRUCTIVE HISTORY OF THE COUNTRY

K.K. Kozhakhanova

Association of Museums of the City of Almaty (Kazakhstan)

Summary. The article is dedicated to the museum of a prominent statesman and public figure, three times Hero of Socialist Labor, Member of the Political Bureau, First Secretary of the Central Committee of the Communist Party of the Kazakh SSR, Doctor of Technical Sciences, academician Dinmukhamed Akhmetovich Kunaev.

During the years of his leadership, D. Kunaev distinguished himself by his special and reverent work for the development of his country and remained in history as a person with strong convictions. D. Kunaev was close to the people, was constantly on agricultural land, among industrial facilities and on construction sites, thereby, by personal example, devoted his entire life to the prosperity of the country.

Our museum is a sacred place where future generations will be able to learn about events from the history of the country with a chronological scope of half a century that occurred during the years of the leadership of D. Kunaev. The younger generations, when they are visit the museum, learn about D. Kunaev's hobbies, as: a rich library of more than five thousand books, 84 types of weapons donated by heads of state, a collection of more than 400 lighters brought from different countries, souvenirs, new facts, such as: diplomatic relations with foreign countries, the development of agriculture, national economy, on the formation of new 43 cities and 2000 settlements.

Key words: public figure, museum, exposition, exhibit, visitor.

For citation: *K.K. Kozhakhanova.* The D.A. Kunaev museum has an instructive history of the country //MUSEUM.KZ. 2023. No4 (4). p.p. 105-109. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.15

Кіріспе.

Музей – өткен тарихтан қалған туындыларды, елімізден шыққан ірі тұлғаларымыздың мұраларын, өнер, мәдени құндылықтарды сақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын тарихи-ғылыми деректерді жинақтап болашақ ұрпаққа танытып, таныстырып, тапсыратын мекеме ретінде құндылығы жоғары орын екендігі белгілі.

Сондай орындардың бірі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш рет Социалистік Еңбек Ері, 21 жыл Саяси Бюросының мүшесі, 24 жыл Қазақ КСР КП ОК бірінші хатшысы, техника ғылымдарының докторы, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың музейі. Д.А. Қонаев Қазақстанға басшылықта болған жылдары жеке ұлт ретінде өзін-өзі басқаруға мүмкіндік алмаған тұста, барынша елінің көркейуі үшін еңбегімен ерекшеленіп, еліне жанашыр халқым деген ұстанымы берік тұлғаларымыздың бірі бола білді. Ол бүкіл ғұмырын аяғынан тік тұрып елін-жерін көркейтіп, гүлденуге арнаған біртуар тұлға болды.

Талқылау.

Музейіміз Д.А. Қонаевтың өмір сүрген жылдарында орын алған тарихи кезеңдердің бір ғасырға жуық еліміздің келелі оқиғаларын болашақ ұрпақтардың танып білуіне болатын киелі орын.

Д.А. Қонаев 1912 жылы ҚАКСР-ның Верный қаласында дүниеге келді. Балалық шағы қазақ даласындағы 1916 ж. тәуелсіздік үшін ұлт-азаттық көтеріліс, оны басып-жаншу, 1917 ж. Ақпан революциясы, Алаш партиясының құрылуы мен ашаршылық сияқты түрлі тарихи оқиғаларды қамтыды. Бұл халықтың тұрмыс-тіршілігіне әсерін тигізбей қоймады әрине.

Соның бірі, табиғи апат 1921 жылы 8 шілдеде Алматының тау бөктерінде қатты жауған нөсерден сел жүргендігін бірі білсе, бірі біле бермейді. Сол нөсер 150 шақырымды қамтып, 3,5 млн м³ балшықпен араласып, жол жөнекей тас, ағаштарды түбімен қопарып төмен қарай ағызып, жылдамдығы секундына 1000-1500 м³ болды [Әуезов, Чулакова, 2010: 101]. Алматы қаласы үлкен шығынға ұшырап, үйлер мен зауыт, фабрикалар және ауылшаруашылық 400-ге жуық құрылыстар қирады.

Д. Қонаев қызметте жүрген кезінде елді дүр сілкіндірер осы құрылыстың басында өзі болды. Селдің алдын алу үшін арнайы жобалар жасалынып, ұзақ зерттеулерден кейін Медеу шатқалында 1966-1967 жж. үлкен жарылыстар ұйымдастырып, бөгет салдыруды үлкен ерлікке балауға болады. Бұл жарылысты Д.А. Қонаев өзінің ең алғашқы еңбек жолының басталған жері, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигінде алған тәжірбиесі арқылы іске асырды. Осы жарылыста ыстықтан балқыған металл бөлшегі мен жарылыс сәті туралы жәдігерді музейден көріп, толықтай естіп білуге болады.

Қазақстан Компартиясы Орталқ Комитетінің Бірінші хатшысы қызметінде жүрген кезінде әлемдегі ең биік спорт кешенінің құрылысын (1970-1972 жж.) жүргізуі музейден танып білетін 80-ге жуық ғимараттың бірегейі [Әуезов, Чулакова, 2010: 101]. Осы оқиғамен байланысты экспонаттар жағдайды көз алдына елестетіп қана қоймайды, сезінуге мүмкіндік береді.

Мектеп бітіргеннен кейінгі уақытта орын алған халықтың басына қара бұлт болып үйірілген оқиғалардың бірі, қазір де терең зерттеуді талап ететін кеңестік қуғын-сүргін жылдарындағы бай, молда, имам, ишан, қажы, атқамінерлер мен халық арасындағы ықпалды, белсенді азаматтарымызды арнайы іздестіріп, жала жауып, жазаға тартып, кейбіреулеріне жер аудару жүргізілді. Бұл туралы Д. Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды» – деген кітабында айдаудағы адамдардың жан түршігерлік жағдайда екендігін көргенін жазған.

Байларды кәмпескелеуден кейінгі елдегі ашаршылықтың сүйек сырқырататын оқиғаның студент Д.А. Қонаевтың көзбен көргенінің ауыры болды. Ашаршылықтан еңсесін көтере алмай жүрген халықтың арасынан кінәлілерді тағы іздеп қазақтың бетке ұстар қаймақтарына көз алдында жасалған қуғын-сүргін халық арасында секемшіл, сескену, үрейлі көзқарастар мен адамдардың бір-біріне деген сенімсіздіктің бірте-бірте қалай дендегенін көрді. Оқуын тәмамдап елге оралып жұмысқа шындалғаннан кейін қызметке өсуі Ұлы Отан соғысы жылдарына тап келуі майдан жылдарындағы елдегі тылда жұмыс жасау өнімнің бәрі дерлік соғыс ошақтарына арналып, бір адам 3-4 кісінің жұмысын атқару, тарихымыздағы тыл еңбегі Тәуелсіздігімізді алғанға дейін айтылмады, бағаланбады.

Соғыстан кейінгі жылдары ақсаған экономикамызды, барлық сала бойынша көтеру мақсаты қолға алынды. Десек те ғылым саласы бойынша жеңіс қуанышы көпке созылмай жаңа зерттеулердің қатарын «ұлтшылдыққа» балап, ірі басып-жаншудың үшінші кезеңі орын алды. Д.А. Қонаев та осы оттың ортасында жүре қызмет бабымен Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенттігіне сайланып ғылымның дамуына үлкен үлес қосып қана қойған жоқ, басына іс түскен ғалымдарды мүмкіндігінше жаладан арашалады.

Ауылшаруашылығының дамуы, тың-тыңайған жерлерді игеру, ірі миллиард астық алу мен қалалардың пайда болуы, әлі күнге дейін халық пайдаланып отырған жаңа, сәулетті құрылыстардың бой көтеруі, екіншіден елдегі келеңсіз оқиғаларды байыппен шешіп мүмкіндігінше тігісін жатқыза отырып басқару ұшан теңіз қажырлы еңбектердің жемісі екені хақ.

Қазақ халқының басынан өткен осындай тарихи кезеңдерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп баяндайтын киелі де мәдени құндылық орындарының бірі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың музейі мен меморалдық пәтер музейінен алары көп жәдігерлер жетерлік. Онда тұлғаның балалық шағы, студенттік кезеңі, қарапайым жұмысшыдан қызметке өсу баспалдақтары, қоғам қайраткері ретінде қалыптасу жолы туралы деректер мен тарихи мағлұматтар алу мүмкіндігі жаңа дерек-құжаттармен толықтырылып отырады. Музейде халықтың қызығушылығын туғызатын бірден бір ерекше экспонаттар қатарында саны 81-ге жуық сыйға берілген әр ел басшыларының, қайраткерлерінің және танымал адамдарының қару-жарақтары бар. Атап айтсақ, Д.А. Қонаевқа жеке сыйға тарту еткен Германияның басшысы Эрик Хоникердің, Югославияның саяси қоғам қайраткері Иосиф Броз Титоның, Кубаның 47 жыл ел басқарған басшысы Федель Кастроның мылтығы және тасбақа мен қолтырауын жәдігерлері, сондай-ақ, Л.И. Брежневтің сыйға тартқан «Барыс» мылтығы, Кеңес Одағының маршалы А.А. Гречконың сыйлығы аңшылық карабині, өзбек, түрік ағайындарының тарту еткен пышақтар

жиынтығы, Орталық Азия Әскери Округінің Бас қолбасшысы Д. Язов қару-жарағы және ең құнды, маңызды тарихы бар 1647 жылғы мылтықтың сақталуы әркімнің ерекше қызығушылығын тудырады сөзсіз [Әуезов, Чулакова, 2010: 117].

1957 ж. салынғын Алматы қаласындағы бұрынғы Үкімет үйі, қазіргі Қазақ-Британ техникалық Университеті ғимаратында Қазақстан Коммунистік партиясының Жоғарғы Кеңесінің Орталық Комитеті мен Қаз КСРО-ның Министрлер кеңесі отырды. Дінмұхамед Ахмедұлы Қонаевтың Министрлер кеңесінің төрағасы қызмет атқарған кезіндегі 1957-1960 жж. отырған жұмыс үстелі, орындықтарымен сақталынып кабинетіндегідей жасалынғандығы халықтың ерекше назар аударатын жәдігердің бірі [Әуезов, Чулакова, 2010: 117].

Сонымен бірге, 1982 ж. Д.А. Қонаевқа Қазақ ССР ҒА геологтарының сыйға тартқан 40-тан астам минералды тастардан жиынақталған, шыңын ақ мұз басқан тау тәрізді айналмалы құрастырылған кәдесый еліміздің жер байлықтарынан танымдық сабақ беретін көздің жауын алатын жәдігерде кальцита, перит, кристалл, аметист, малахит, жедеит, азурит, коралл, күлгін гранит сияқты қазақ жерінің байлықтарын көріп білудің таңқаларлық әсері ешкімді бей-жай қалдырмақ емес.

2012 жылдың 12 қаңтарында халқы сүйген ұлы «Д.А. Қонаевтың мемориалдық пәтер-музейінің» ашылуы үлкен жаңалық болды [Д.А. Қонаев музейі]. Д. Қонаев туралы толыққанды мағлұмат халыққа ұсынылды. Өзінің жеке ұстаған заттары мен өмірінің соңғы кездері киген киімдерін көрген жандар үйінде қонақта болғандай толғаныста болады. Артынан қалған мұралары сол дәуір тарихынан хабар беретін жәдігерлері бүгінгі мен келешек ұрпақты өткен тарихпен жалғастырған көпір іспетті.

Мұндағы жәдігерлердің құндылығы мен ерекшелігі сол Дінмұхамед Ахметұлының жекелеген заттары, тұрмыстық, техникалық құралдары, өзі оқып шыққан 5 мыңнан астам анықтамалық және көркем әдебиеттер, оның ішінде авторлардың жекелей қолтаңбасы жазылған кітаптары, іссапарға барғанда мұсылман елдерінен жинаған Құрандар, өнер туралы альбомдар, жиһаздар, мерейтойларына арналған көптеген сыйлықтары, және де ел ішінде әйгілі болып кеткен, өзі жинаған, 440-тан астам оттықтар топтамасы да ерекше зейінділік ұялатады. Одан басқа, түрлі мемлекет басшылары Жапон елінің Президенті Ясухиро Накасонэ, Египеттік Гамаль Абдельнасер, Ұлыбритан елінің басшысы Энтони Идэеннің, Садам Хусейін және Л.И. Брежневтің сыйлаған оттықтары да бар [Д.А. Қонаев музейі].

Жалпы музей қорында сақталып келе жатқан сегіз мыңнан астам жәдігерлер халық назарына ұсынылып, тарихымен таныстырып отырылады. Онда, Д.А. Қонаев басшылық жасаған уақыттағы Қазақстанда жаңа заводтар мен фабрикалар, көптеген оқу орындары ашылып, жалпы халық жұмыспен қамтылғандығы белгілі. Сол кезеңдегі партиялық көзқарастың қатандығы басым болса да елін көркейтіп, Алматы қаласындағы ірі және көз тартар ғимараттары бой көтерді. Мысалы, Қазақстан қонақ үйі, Республика сарайы, Көктөбе, Неке сарайы, жапондық үлгіде салынған Оқушылар сарайы, Цирк, Арасан моншасы, алғашқы әуежай, орталықтағы Көкбазар, ҚазМҰУ-нің ғимараты және қазіргі Қонаев, бұрынғы Қапшағай қаласы, Қапшағай су-электр станциясы сияқты көптеген құрылыстарды айтуға болады. Әр құрылыстың өзіне тән тарихы бар. Соның бірі, осы уақытқа дейін Қазақстан қонақ үйі Алматы қаласындағы ең биік ғимарат болып келгені белгілі. Оның бой көтеруіне деген көптеген қарсыластықтар болды. Себебі, 1887 және 1911 жылдары 9 балға дейінгі жер сілкінісінен көптеген адам шығыны орын алып, сол кезде аз және биік емес ғимараттар қирап Алматы қаласы сейсмологиялық қауіпті аймақ ретінде танылды [Аухадиев, 2014: 24]. Десек те, Д.А. Қонаевтың шешімімен жер сілкінісіне төтеп беру мүмкіндіктерін қарастыру туралы сәулетшілермен ақылдаса отыра, нәтижесінде 25 қабаттық ғимараттың астына үлкен шар орналастырып салу, ол жер сілкінген жағдайда әр бағытқа бір метрден жылжып, ғимараттың сақталуына мүмкіндік жасай отырып тұрғызылды [Аухадиев, 2014: 84].

Музейге келушілер Д. Қонаевтың өзі ұстаған әрбір жәдігерлерін көзбен көріп көңілге түйіп, тарихымен таныса жүре алған әсерлері мен тебіреністерінен бірнеше рет келетіндерін мақтанышпен айтады. Музей қызметкерлері ерен тұлғаның жарқын бейнесін болашақ

ұрпақтың санасына сіңіріп, мәңгі жүрегімізде қалу үшін атаулы іс-шаралар мен терең зерттеу жұмыстарымен үзбей айналысып келеді.

Ұлы тұлғаның еңбек жолын қарапайым жұмыстан бастап ең жоғарғы қызмет орнында болса да өмірін жалпы халық арасында өткізген сәттері фотосуреттері мен ол кісіге деген жүрекжарды жазылған хаттары мен құттықтаулары өте көп. Д.А. Қонаев туралы халыққа әлі жетпеген айдарлармен күн сайынғы әлеуметтік желілерде бөлісіп отырамыз.

Қорытынды.

Қоғам қайраткері Д.А. Қонаев қарсы алдында кездескен алуан түрлі қиыншылықтармен сынақтарды жеңе отырып өзінің бойындағы адамгершілік, әділдік қасиеттерінен ауытқымай, ішкі мәдени және халқына деген таусылмас сүйіспеншілігін сақтай білді. Бүгін де соның қайтарымы ретінде музейге ыстық ықыласымен келушілер саны жыл сайын көбеюінен білуге болады. Д.А. Қонаев елін ерекше сүйе білсе халқы да солай толастамай келіп еске алуынан, толғаныс, сезімдерінен көруге болады. Жаңа технологиямен қойылған таспалардағы даусы мен сөйлеген сөздерін естіп, бейнесі көріп, еңбек жолдары мен шығармаларын толықтай білу ниеттерінен сол заманға барып бірге қызметте болғандай әсерде қалдыратынын жасырған емес.

Ғасыр саңлағы Д.А. Қонаев музейіндегі артында қалған мұралары мен еңбектері жаңа толқын буынға ерекше әсер қалдырып қана қоймай, жас ұрпақ, оқушы, студенттер өздерінің жеке жобаларын жасап, қосымша ізденіс пен зерттеулер жүргізіп, іс-шараларына да қосуда.

ӘДЕБИЕТ

Аухадиев К.М. Өнегелі өмір. Алматы: «Қазақ университеті». 2014. 343 б.

Әуезов Е.К., Чулакова Н.П. Алматы. Сәулеттік шежірелер (қаланың әсем ғимараттарының құрылу тарихы). Алматы: КМҚК «Алматы қаласы тарихының музейі», 2010. 190 б. (Қазақ және орыс тілдерінде)

Д.А. Қонаев музейі. М. Төлебаев, 117, Алматы қаласы;

Д.А. Қонаевтың меморалдық-пәтер музейі. М. Төлебаев, 119, Алматы қаласы;

REFERENCES

Aukhadiev K.M. Moral life. Almaty: “Kazakh University”. 2014. 343 p. (In Kazakh)

Aueзов E.K., Chulakova N.P. Almaty. Architectural chronicles (the history of the creation of beautiful buildings of the city). Almaty: КМҚК “Almaty city history Museum”, 2010. 190 p. (In Kazakh and Russian)

Memorial apartment of D.A. Kunayev. St. M. Tulebaeva, 119, Almaty city

Museum of D.A. Kunayev. St. M. Tulebaev, 117, Almaty city.

Автор туралы мәлімет: Қожаханова Құралай Кәріпжанқызы – Алматы қаласы музейлер бірлестігі, Д.А. Қонаев музейінің ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты (050004, Алматы қаласы, Түлебаев 117, Қазақстан). E-mail: kura-kk@mail.ru

Сведения об автор: Қожаханова Куралай Карипжановна – Объединение музеев города Алматы, научный сотрудник музея Д.А. Конаева, кандидат исторических наук (050004, г. Алматы, Тулебаева 117, Казахстан). E-mail: kura-kk@mail.ru

Information about the author: Kuralay K. Kozhakhanova – Association of Museums of the City of Almaty, research worker of D. Konaev museum, candidate of historical sciences (050004, Almaty, Tulebaev 117, Kazakhstan). E-mail: kura-kk@mail.ru